

244



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**  
**«Ұйым экономикасы» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест**  
**спецификациясы**  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тесттің мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру түлектерінің жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыру үшін қажетті қабілеттерін анықтау.

**2. Тесттің міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**В045-Аудит және салық салу**

**3. Тест мазмұны:**

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Нарықтық экономика жағдайындағы ұйым және оның қызметін жоспарлау.	01	Ұйым және кәсіпкерлік.	1. Ұйым қызметінің түсінігі мен мақсатын біледі. 2. Ұйымның кәсіпкерлік қызметінің мәнін, ерекшеліктерін және түрлерін түсінеді 3. Ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық формаларын ажырата алады
		02	Ұйымды басқару жүйесі.	Ұйымды басқару жүйесінің құрылымы мен басқару міндеттерін анықтай алады
		03	Бизнестің әлеуметтік және экономикалық тиімділігі.	Бизнестің әлеуметтік және экономикалық тиімділігін анықтай алады
		04	Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнестің дамуы.	1. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың заңнамалық және нормативтік базасын біледі 2. Шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерін түсінеді.

		05	Ұйымның өндірістік және ұйымдастырушылық құрылымы.	<p>1. Ұйымның өндірістік және ұйымдық құрылымын біледі.</p> <p>2. Өндіріс құрылымы мен өндірісті ұйымдастыру түрлерін ажырата алады</p>
		06	Ұйым қызметін жоспарлау және болжау.	<p>1. Ұйымның қызметін жоспарлау және болжау түсінігін біледі.</p> <p>2. Жоспарлаудың принциптерін, әдістерін және түрлерін түсінеді</p> <p>3. Бизнес-жоспардың шамамен құрылымын құрастыра алады және бизнес-жоспардың жеке бөлімдерінің мазмұнын сипаттай алады.</p>
02	Ұйым ресурстары және оларды пайдалану көрсеткіштері.	07	Негізгі капитал және оның құрамдас элементтері. Негізгі қорлар және оларды пайдалану.	<p>1. Ұйымның негізгі капиталының түсінігі мен құрамдас элементтерін біледі.</p> <p>2. Негізгі қорлардың құрамы мен құрылымын анықтайды.</p> <p>3. Жылдық амортизация сомасын есептейді</p> <p>4. Негізгі өндірістік қорларды пайдалану көрсеткіштерін есептеуді біледі.</p> <p>5. Негізгі қорларды бағалау мен амортизацияны ажыратады.</p>
		08	Ұйымның айналым қорлары және айналым құралдары.	<p>1. Айналым қаражатының түсінігі мен айналымын, олардың құрамы мен құрылымын біледі.</p> <p>2. Айналым қаражатын өндірісте пайдалануды және оларды нормалауды біледі</p> <p>3. Айналым қаражатының айналымын және оларға ұйымның жоспарлы қажеттілігін анықтайды</p>

03	Ұйымның өндірістік қызметі.	09	Ұйымның өндірістік бағдарламасы.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өндірістік бағдарлама түсінігін, шығарылатын өнімнің наменклатурасын және ассортиментін біледі.</li> <li>2. Тауар, жалпы, сатылған және таза өнім көлемін есептеуді біледі</li> </ol>
		10	Ұйымның өндірістік қуаттылығы.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіпорынның өндірістік қуатының түсінігі мен түрлерін біледі</li> <li>2. Жыл басындағы, аяғындағы, орташа жылдық өндіріс қуатын анықтайды</li> </ol>
04	Еңбек өнімділігі және еңбекақы.	11	Еңбектің нормалануы және өнімділігі. Жұмысшылардың еңбекақысы.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Еңбек нормасының түсінігін, әдістерін және негізгі әдістерін біледі.</li> <li>2. Негізгі еңбек нормаларын сипаттайды.</li> <li>3. Еңбек өнімділігі түсінігі мен көрсеткіштерін біледі.</li> <li>4. Еңбекақы төлеудің нысандары мен жүйелерін ажыратады</li> <li>5. Еңбек өнімділігін, жұмысшылардың және жұмысшылардың басқа да санаттарының кесімді және мерзімді төлемақыларын есептей алады.</li> </ol>
05	Ұйым шығындары және оның қаржылық нәтижелері.	12	Өндіріс шығындары, өнімнің өзіндік құны.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өндіріс шығындарының түсінігі мен түрлерін біледі.</li> <li>2. Өзіндік құн түсінігі мен түрлерін және өнімнің өзіндік құнының калькуляциясын біледі.</li> <li>3. Өнімнің өзіндік құнын есептеуді біледі</li> </ol>
		13	Ұйымның инвестициялық саясаты.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Инвестициялық қызметке, қаржыландыру көздеріне және күрделі салымдарды несиелеуге қатысты түсініктерді біледі.</li> <li>2. Инвестициялар мен күрделі салымдардың түрлерін сипаттайды.</li> <li>3. Күрделі салымдарды жоспарлауды біледі</li> </ol>
		14	Ғылыми- техникалық прогрестің экономикалық тиімділігі.	Ғылыми- техникалық прогрестің экономикалық тиімділігін анықтай алады

		15	Ұйымның баға саясаты және оны жүзеге асыру әдістері.	1. Бағаның мәнін, функцияларын және түрлерін, баға жүйесін және олардың жіктелуін, кәсіпорындағы баға белгілеу тәртібін біледі. 2. Өнімнің көтерме және бөлшек сауда бағасын жоспарлауды және есептеуді біледі.
		16	Өндірістік тауардың сапасы.	Өндірістік тауардың сапасын анықтай алады
		17	Ұйымның қаржылық нәтижелерін қалыптастыру.	1. Табыс түсінігін, түрлерін, кірісті қалыптастыру және бөлу тәртібін біледі 2. Баланс пайдасын, өндіріс рентабельділігін, өткізу рентабельділігін есептеуді біледі 3. Табыстылықты арттыру резервтерін анықтайды; 4. Ұйымның қаржылық нәтижелерін қалыптастырады.

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Ұйым экономикасы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Т.Тусупбеков, Г.Тенизбаева, А.Ибраева, «Кәсіпорын экономикасы (практикум)», Фолиант баспасы, Алматы, 2010 ж.

2. Оразалин К.Ж. Кәсіпорын экономикасы (теория, тест сұрақтары, есептер) Оқу құралы. Алматы: «Издательство LEM» ЖШС, 2014.

3. Әбдікерімова Г.И. «Кәсіпорын экономикасы» оқу құралы. – Алматы Экономика, 2010 ж.

4. Аманбаев Н.А. «Кәсіпорын экономикасы» оқу құралы Алматы «Бастау» баспасы 2012 ж.

5. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. «Кәсіпорын экономикасы» оқу құралы- Алматы: Экономика 2010 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік  
бірлестігінің төрағасы

  
Г. Сманов  
(колы) (Т.А.Ә)

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.







